

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташев – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожамжетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*
Abdyrachmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)
Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)
Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)
Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)
Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)
Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)
Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)
Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)
Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)
Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)
Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)
Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)
Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАУ ӨТКІЗУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ

Оспанғалиев Қ.Ә.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің PhD докторанты, Семей қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада 1917 жылы Ресейдің ұлттық аймақтарының қоғамдық-саяси өміріне елеулі өзгеріс әкелген Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлауы науқанының барысы Шығыс Қазақстан мысалында жан-жақты қарастырылған. Құрылтай жиналысына сайлау науқаны тұсында Қазақстанның шығыс өңірі қоғамының саяси мәні бар әлеуметтік мақсат-міндеттер мен ұлттық сипаттағы мүдделерді Алаш қозғалысы қайраткерлерінің белсенді қызметі арқылы жүзеге асыру әрекеттері талданған. Бұл зерттеулік мақала әртүрлі санаттағы деректер кешені арқылы дәйектеліп, тарихи тұрғыдағы ұстанымдар негізінде жазылған.

Түйін сөздер: Ақпан төңкерісі, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы, Уақытша Үкімет, Алаш қозғалысы, Шығыс Қазақстан, қазақ қоғамы, сайлау

О ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ВЫБОРОВ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Оспанғалиев К.А.

PhD докторант Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, ород Семей, Казахстан

Аннотация. *Введение.* В статье подробно рассмотрен ход кампании по выборам на Всероссийское Учредительное собрание, которое в 1917 году изменило общественно-политическую жизнь национальных регионов России, на примере Восточного Казахстана. В период избирательной кампании на Учредительное собрание были проанализированы попытки общества Восточного региона Казахстана реализовать социально значимые цели и задачи национального характера через активную деятельность деятелей движения Алаш. Эта исследовательская статья была написана на основе исторических принципов, которые подтверждены комплексом данных различных категорий.

Ключевые слова: Февральская революция, Всероссийское Учредительное собрание, Временное правительство, движение Алаш, Восточный Казахстан, казахское общество, выборы.

ON THE COURSE OF THE ELECTION OF THE ALL-RUSSIAN FOUNDING MEETING OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION

Ospangaliev K.A.

PhD doctoral student of the Kazakh Humanitarian Law Innovation University, City of Semey, Kazakhstan

Abstract. Introduction. The article describes in detail the course of the election campaign for the All-Russian Constituent Assembly, which in 1917 changed the socio-political life of the national regions of Russia, using the example of East Kazakhstan. During the election campaign for the Constituent Assembly, the attempts of the society in the Eastern region of Kazakhstan to realize socially significant goals and tasks of a national nature through the active work of the Alash movement were analyzed. This research article was written on the basis of historical principles, which are confirmed by a complex of data of various categories.

Keywords: February revolution, All-Russian Constituent Assembly, Provisional Government, Alash movement, East Kazakhstan, Kazakh society, elections

Кіріспе

Ресейдің ұлттық аймақтарына зор өзгеріс әкелген 1917 жылғы Ақпан төңкерісі Қазақстанға, соның ішінде оның Шығыс өңірінің қоғамдық-саяси өміріне әлеуметтік сипаттағы тың мазмұн берді. Қазақстан қоғамы да Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы идеясы демократиялық өзгерістерге бастама болатын басты саяси науқан деп қабылдады.

Өйткені, Уақытша Үкіметтің Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауын өткізу жөніндегі қаулысы жаңа қоғамдық қатынастың орнауына түп негізі деген сенім болды. Қаулыда, Ресейдің және ұлт аймақтарының болашақтағы мемлекеттік басқару формасын анықтау, түрлі әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау, заңдар шығару Құрылтай жиналысының қолында болатыны нақты көрініс тапты.

Семей облысының жұртшылығы да Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлау науқаны тәрізді маңызды саяси науқаннан тыс қалмады. Бұл жөнінде тарихи баяндауды талқылауда кеңінен қарастырамыз.

Материалдар мен әдістер

Шығыс Қазақстандағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауы науқаны барысындағы өңірлік қоғамдық-саяси үдерістердің жазылуы тарихи сипаттағы әдіснамалық кешенге енетін әдістемелерді нақтылы тұрғыда ұстануға арқылы жүзеге асырылады.

Бұл тарихи талдауды орындау барысында негізгі деректер көзі ретінде ғылыми-зерттеулік еңбектер, ғылыми құжаттық жинақтар, мұрағат құжаттары мен баспасөз материалдары зерделенеді. Тақырыптық деректер мен тарихи материалдарды жинақтау мен сұрыптау және тиянақты саралай талдау арқылы ұлт тарихында елеулі із қалдырған әрі саяси тұрғыда маңызы зор болған оқиғаның шынайылығын дәйектейміз.

Талқылау

Уақытша Үкіметтің Семей облысы көлеміндегі билік органы болған, 1917 жылдың 5 наурызда құрылған Семей облысының атқару комитетінің негізгі міндеттерінің бірі - Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлаудың еркін әрі ашық түрде өтуін қамтамасыз ету болды [1]. Уақытша Үкімет бұрын Дала генерал-губернаторлығының құрамына енген Ақмола және Семей облыстарын бір сайлау округіне енгізді. Дегенмен мұндай шешіммен келіспеушілік те болған. Омбы облыстық коалициялық комитеті Дала округінде Құрылтай жиналысы сайлауын ұйымдастыру мәселесін талқылап, екі облысты бір сайлау округіне біріктіруді қолайсыз деп тапты және Министрлер кеңесінің төрағасы мен Ішкі істер министріне мынадай мазмұндағы жеделхат жолдады:

«Омбы облыстық коалициялық комитеті Ақмола және Семей облыстарын бір сайлау округіне біріктіруге кесімді түрде қарсы. Облыстар арасында өмірлік байланыстың жоқтығы, Дала генерал-губернаторлығының таратылуы, сайлаудың пропорционалдық жүйе негізінде

өткізілуі жағдайында қазақтардың әр облыс бойынша жеткілікті орын алуына мүмкіндіктерінің болуы, сайлауға дайындықтың шұғыл түрде жүргізілуі қажеттігі және округ территориясының ауқымдылығы жағдайында үкіметтік, қоғамдық ұйымдардың іс-қимыл жүргізуінің қиынға түсетіні екі жеке сайлау округтерін құруды қажет етеді» [2]. Алайда Үкімет Омбы коалициялық комитетінің бұл ұсынысын қолдамады және "Сайлау істері жөніндегі ережеге" сәйкес құрылған сайлау округтерінің еш өзгеріссіз қалатынын мәлімдеді.

Қазақ өлкесіндегі алты округтік комиссияның бірі Омбы қаласында құрылған Дала округтік комиссиясы еді Құрамы: Омбы Семей округтік соттарының бір-бір мүшесінен, Омбы және Семей облыстық басқармасының екі мүшесінен, Сібір казак әскери басқармасы сайлаған бір мүшеден және Ақмола мен Семей облыстық Қазақ комитеттерінің бір-бір мүшесінен тұрды. Комиссия төрағалығына Омбы сот алқасының мүшесі сайланды [3].

Құрылтай жиналысына сайлау ісі бойынша құрылған Семей облыстық комиссиясының құрамы мынандай негізде: төрағасы – Станкевич, мүшелері: Виноградов, Киниц, Тарабаев, Ермеков, Әлімбаев, Малдыбаев және Никитиннен тұрды. Қатарлас уақытта Ақмола облыстық Құрылтай сайлауы істері жөніндегі комиссиясы құрылды. Комиссияның төрағасына Омбы округтік соты мүшесі ұйғарылып, ал құрамына: бітістіруші соттың бір мүшесі, Омбы қалалық басқармасының екі мүшесі, Ақмола облыстық қазақ комитетінің екі мүшесі және жергілікті әскери басқарманың бір мүшесі енді.

Семей облыстық шаруа және казак Депутаттары, жұмысшы және Солдат депутаттары Кеңестерінің Құрылтай жиналысына әзірлік барысында атқарған істері мол. 1917 жылдың 5-ші сәуірінде Семей жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесінің пленарлық мәжілісі өтеді. Онда сол уақыттағы қалыптасқан саяси жағдайға байланысты кеңестің позициясы айқындалды. Саяси тұрғыда Уақытша Үкіметке қолдау көрсету және Құрылтай жиналысын өткізуді қамтамасыз ету мәселесінде Петроградтағы жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесімен Уақытша Үкімет іс-қимылдарын бірлесе шешу керектігін айтады [4, 47-б.].

1917 жылдың 1-10 маусым аралығында облыстық шаруалар және казактар съезі өткізілді. Съездің төрағалығына П.П. Косогор (Павлодардағы кооперативтер серіктестігінің төрағасы), төрағаның жолдастары етіп И.С. Юдин (Семей облыстық жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің төрағасы) мен Н.И. Черкасов (Зайсан уезінің шаруасы) сайланады. Съездің жұмысына қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдерін қатыстыру мәселесі көтеріліп, төмендегідей ұйымдардың өкілдеріне шешуші дауыс құқығын беру туралы шешім қабылданды: облыстық Қазақ комитетінен 3 өкілге, жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінен 5 өкілге. Кеңесші дауыс құқығын саяси партиялардың әрқайсысынан 3 адамға берді. Олар: социалист-революционерлер, социал-демократтар және «Халық бостандығы» партиясы. Сондай-ақ кеңесші даусы құқығы Облыстық атқару комитетінің, Облыстық азық-түлік комитетінің барлық мүшелеріне берілді.

Съездің қызметі барысында 12 түрлі мәселені талқылап, тиісті шешімдер қабылдау көзделді. 2-маусымда өткен мәжілісінде Құрылтай жиналысы сайлауы мәселесі қарастырылып, қызу пікірталастан кейін мынадай қарар қабылданды: 1.Халықтың еркін білдіретін жоғарғы орган ретінде Құрылтай жиналысын шақыру; 2. Сайлау алды үгіт-насихат жұмысын өрістетіп, Құрылтай жиналысына еңбекші бұқараның мүддесін қорғайтын депутаттар жіберу; 3. Сайлаудың жалпыға бірдей, тең, құпия түрде өткізілуін қамтамасыз ету; 4. Ресей құрамына енетін ұлттарға өз бiлашағын айқындау мүмкіндігін беру [5].

Құрылтай жиналысы сайлауына мұсылман және казак қозғалыс өкілдері де үлкен жауапкершілікпен әзірленді. Семей қаласында осы өңірдің мұсылмандарының қорғанышы болар «Семей мұсылмандар комитеті» қоғамдық негізде құрылды. Комитет төрағасы болып М. Елшібаев, жолдастары болып Н. Тайыров пен Х. Бектемиров, хатшылары болып В. Сайдашев пен С. Аубакиров, қазынашылыққа Х. Сайдуков сайланды. Бұл комитет Ресейлік мұсылмандар

атынан және Семей мұсылмандары атынан саяси өмірдің барлық ағымдық бағыттары бойынша қызмет ететінін жариялады [4, 42-б.].

1917 жылы 27 наурызда Поповтың төрағалығымен өткен Семей гарнизоны офицерлерінің мәжілісінде «Республикашыл офицерлер одағы» құрылды. Ұйым мына бағдарламаны басшылыққа алып қызмет етуді көздеді:

- Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін Уақытша Үкіметке қолдау көрсету;
- Демократиялық республика құрылысын орнату және демократиялық республика идеясын халық арасында кеңінен насихаттау;
- Соғысты жеңіске жеткенге дейін жалғастыру, қай тараптан төнгеніне қарамастан контрреволюцияға қарсы күресу;
- Офицерлердің солдаттармен, әскердің халықпен бірлесе әрекет етуі;

Комитеттің 5 адамнан және 2 кандидаттан тұратын президиумы сайланды. Президиумның құрамына Попов, Благовещенский, Балкашин, Зайцев, Солодилин енді. Ал Смирнов пен Ожинский кандидаттар болды. Президиумға солдат және жұмысшы депутаттары Кеңесімен бірлесіп қызмет ету жүктелді [6].

Семей қалалық Құрылтай жиналысына сайлау комиссиясы 1917 жылы 2 қазанда өз қызметіне кіріскен болатын. Оның төрағасы: Семей округтік сотының мүшесі – А.И. Никольский, төраға жолдасы - Семей уезіндегі екінші учаскенің бітістіруші соты – С.И. Здоровченко және мүшелері: Семей уезіндегі үшінші учаскісінің бітістіруші соты – И.П. Лукась, И.А. Воржиковский, Т.С. Мырзалинов болды [7]. Сайлау заңының I бөлімінің 52 бабында көрсетілген мерзімде округтік және облыстық комиссиялардың құрамына кандидаттар тізімін ұсынған әрбір топтың бір мүшесі енетін болды [8, 104-б.].

1917 жылы маусымында Семей облысындағы билік жүйесінің қайта құрылуы жүзеге асырылып, Семей облысындағы комитет тең принциптер негізінде «Делегаттық кеңес» формасында қайтадан құрылды. Оған жұмысшы және солдат Депутаты кеңесі шаруа және казак Депутат кеңесі, Облыстық Қазақ Комитетінің әрқайсысынан 15-тей мүшелер енді. Делегаттар жиналысы тұрақты қызметі барысында саяси маңызы бар мәселелерді көтерді және оған байланысты тиісті шешімдер қабылдап отырды. Делегаттар жиналысының 1917 жылғы 12 шілдедегі мәжілісінде төрт түрлі мәселе қаралды. Соның ішінде Құрылтай жиналысына сайлау жөніндегі мәселе де талқыланды. Қаулыда әрбір ұйымнан бір мүше енетін комиссия құру және комиссия Құрылтай жиналысына сайлауға дайындық жұмыстарын жүргізуге тиісті деп көрсетілді.

Семей облысы қазақтарының екінші съезі 12 қыркүйекте басталады деп күтілді. Оған әр уезден делегаттар шақырылды. Съезде қарайтын мәселелер: 1. Учредительное собрание сайлауы; 2. Земство құру ісі; 3. Жер комитеттері; 4. Милиция жасағын құру жөніндегі кеңес; 5. Облыстық Қазақ комитетінің есебі және т.б. Осы съезге өкілдердің аз келгеніне байланысты бұл жиылыс Облыстық Кеңес атауымен өтілсін деп ұйғарылды. Кеңес төрағасы Р. Мәрсеков, орынбасары Ж. Ақпаев, хатшылары И. Әлімбаев пен М. Малдыбаев болды. Кеңесте Х. Ғаббасов ұсынған 7 мәселе қаралды. Олар: Қазақ комитетінің есебі, милиция мәселесі, жер комитеттерін сайлау, земство құру, азық-түлік мәселесі, Құрылтай жиналысына өкілдер жіберу және әр түрлі сипаттағы жай мәселелер бойынша жұмыс істелінді [4, 44-б.].

Облыстың қоғамдық-саяси өмірінде сәуірдің 27-сі мен мамырдың 7-і аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезінің алатын орны ерекше. Съезге облыстың бес уезінен 200-ге жуық делегат және Алтай өлкесіндегі Бийск уезінің екі өлкілі (қазақтар) қатысты. Делегаттардың ішінде әйел қауымынан жеті адам болды [9, 104-б.]. Облыстық Қазақ комитеті съезге өзінің бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама қазақ қоғамы үшін жанды да жауапты Құрылтай жиналысы, мемлекеттік басқару түрі, автономия және жергілікті басқару, жалпықазақ съезі, халыққа білім

беру, сот, қоғамдық қазына, 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты шығындарды өтеу сияқты мәселелерден құрылған еді. Көпшілік бұл бағдарламаны бір ауыздан бекітті [4, 43-б.]. Съезд өз жұмысын алты секцияда жүргізді. Оның шешімдерінің көпшілігі мазмұны жөнінен Торғай съезінің қарарларын қайталады. Осыған қарамасынан Семей съезінің өзіне тән басты ерекшелігі онда мемлекеттік басқару мен қазақ халқының автономиясы туралы мәселелер бойынша қабылдаған шешімдер болды. Ол бойынша қабылдаған съезд шешімінде былай делінді: «Россия мемлекеттің территориясының кеңдігін, оны мекендейтін халықтардың ерекшеліктерін олардың мәдени дәрежесінің әртүрлілігін ескере отырып, съезд федеративтік демократиялық республиканы жақтайтындығын білдіреді», «Тұңғыш Россиялық Құрылтай жиналысында, - ұлы Россияны мекендейтін халықтардың бостандығын, теңдігін және туысқандығын қамтамасыз ететін құқықтары бекітілуі тиіс, әрбір халық өзінің ұлттық, тұрмыстық, мәдени-экономикалық, тарихи-жағрапиялық ерекшеліктеріне сәйкес саяси өмірін құру керек. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері оларға лайықты жергілікті заңдар шығаруды талап етеді; съезд автономияны жақтайды, ал ол мәселені түпкілікті шешуді жалпықазақ съезінің үлесіне қалдырады» [8, 105-106-бб.].

Жалпықазақ съезі қарсаңында "Қазақ" газетінде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Жәнібеков, С. Кәдірбаев, Е. Омаров, Е. Тұрмұхамедов және Н. Бегімбетов қол қойған "Қазақ халқына (есеп алу тақырыпты) " атты үндеуі жарияланады. Бұл үндеудің мақсаты халыққа жүргелі тұрған ауыл шаруашылығы есебінің мән-жайы мен Құрылтай жиналысы үшін маңызын түсіндіру болатын [10, 18-б.].

"Құрылтай жиылысының сайлауына байланысты қазақ зиялыларының Алашқа" атты үндеуінде халыққа мынадай жалынды сөздер арналған: "Ұлы той, үлкен жиылыс Учредительное Собрание сайлауы таянды, 12 ноябрьде болады, бұған бір-ақ ай қалды. Бірақ осы бір ай – біздің бағымыздың байлауы, ырысымыздың қазығы, тіршілігіміздің тіреуі, еліміздің тілеуі, көгеруі үшін бәйгеге түсіп, жарысып қалатын бір ай. Қазақтың баласы! Қолына қағаз алып, сайлау сандығына саларда дүниеден өшпесіңе, үрім-бұтағынның зар қақпасына, діңіне, жеріңе, еліңе ие болатынына салып тұрған қағазың екенін есіңнен шығармассың!" [11, 53-б.].

Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанның шығыс өңірінде де түрлі ұлттық, қоғамдық негізде құрылған саяси партиялардың ықпалы күшейе түсті. 1917 жылы 18-наурызда кадеттерді жақтаушылардың жиналысы Семейде партияның бөлімшесін ұйымдастыру туралы шешім қабылдады, 20 адамнан оның комитеті сайланды. «Халық еркіндігі» партиясы(кадеттер) Құрылтай сайлауына дайындық жұмыстарына қызу түрде кірісті. Үкіметтік партия болған кадет партиясы сауда-өнеркәсіптік топпен бірлесіп №6 тізімді ұсынды. Оған оннан астам кандидаттың есімі енгізілді: 1. Маклаков В.А., 2. Кауфман А.А., 3. Скороходов А.А., 4. Буяновский Н.Д., 5. Кошко А.В., 6. Каргалов Д.С., 7. Станкевич Ф.К., 8. Стаиновский И.П., 9. Федоров А.К., 10. Кадыш С.Ч., 11. Карнаков Н.П., 12. Алчедаевский С.Р., 13. Барышевцев В.В. және т.б. [12].

Семейдегі эсер ұйымының қатарында 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында 300 адам болды. Семей облыстық атқару комитеті құрылған күннен-ақ эсерлер жергілікті Уақытша Үкіметке сенім білдіріп, қолдайтындарын жеткізеді. Эсерлер Семейдегі жұмысшы және солдат депутаттарының, шаруа және казак депутаттарының кеңестерінде көпшілікті құрады. 1917 жылы 2 қыркүйекте облыстық шаруа және казак депутаттары Кеңесінің съезі өтіп, талқыланған мәселелердің бірі-Құрылтай жиналысы сайлауына депутаттар тізімін ұсыну болды. Бірінші болып тізімге социалист-революционерлер партиясының мүшелері- И.С. Юдин, В.Ф. Шишканов, В.Т. Лютов, Логейко, С.П. Голяшев, П.П. Косогор енгізілді [13]. Жалпы социалист-революционерлер партиясының Ақмола және Семей облыстық комитеттері Ақмола және Семей облыстық шаруа депутаттары кеңестерімен, Омбы әскери округінің солдат-шаруа кеңесімен бірге ортақ тізім ұсынған еді.

Социал-демократтардың 1917 жылғы 4 қыркүйектегі мәжілісінде Құрылтай жиналысына Семей қаласынан алты кандидат ұсыну туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ Омбыдан төрт, Петропавл, Көкшетау, Атбасар қалаларынан бір кандидаттан ұсынылды. Сонымен социал-демократиялық жұмысшы партиясы (интернационалистер) Омбы ұйымының тізімінде кандидаттар төмендегідей ретпен берілді: 1. К.А.Попов, 2. К.Д. Ляшкевич, 3. С.И. Редников, 4. А.И. Богданов, 5. А.К. Виноградов, 6. Ф.Т. Устинов, 7. С.Г. Вележев, 8. В.А. Турамжин, 9. М.И. Белкин, 10. В.П. Короблев, 11. В.И. Петухов, 12. Д.С. Тимофеев, 13. П.А. Михельсон, 14. А.Г. Григорьев [14].

Сібір казак әскерінің екінші әскери округі Құрылтай жиналысына 21 қыркүйектегі мәжілісінде 14 кандидат ұсынды. Олардың қатарында И.П. Лаптев, Е.Я. Глебов, В.А. Власов, А.Н. Седельников, Е.П. Березовский болды [15].

Жергілікті Қазақ комитеттерінің белсенді қызметі нәтижесінде «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылғы қазан айынан бастап барлық аймақтарда қалыптаса бастады. Әлихан Бөкейханның тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазанның 12-20 аралығында алдымен Семейде, кейін Омбыда партияның облыстық ұйымдары құрылды. Семей облыстық партия комитетінің төрағасы болып Халел Ғаббасов сайланды. Алғашында «Алаш» партиясы өкілдері халықты бірлікке шақырып, алдағы келе жатқан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауына қазақ ұлты атынан бір ғана тізім ұсынуды және сол тізім құрамына тек І жалпықазақ съезінде көрсетілген зиялыларды ғана енгізуді насихатайды. Семей және Ақмола облыстарынан депутаттыққа және оларға кандидаттыққа лайықталған адамдар реті мыналар:

Семей облысынан: 1. Г. Потанин; 2. Ә. Бөкейханов; 3. Ә. Ермаков; 4. Х. Ғаббасов; 5. М. Боштаев; 6. Ж. Ақпаев; 7. Б. Сарсенов; 8. А. Қозбағаров; Ақмола облысынан: 1. А. Тұрлыбаев; 2. А. Сейітов; 3. Е. Итбаев; 4. С. Жанайдаров; 5. Ж. Тілеулин; 6. Р. Дүйсенбаев; 7. М. Жұмабаев; 8. С. Аблаев; 9. С. Мешінбаев; 10. С. Көсемісов; 11. Х. Болғанбаев; 12. С. Сейфуллин [16, 42-43-б.].

Бірақ, Дала округінде ойламаған жерден тағы да бір қазақ кандидаттары тізімі пайда болады. Бұл тізім жаңадан құрылған «Үш жүз» партиясының тізімі еді. Партияның құрылу мақсаты жөнінде М. Әйтпенов пен Ы. Қабеков «Сарыарқа» және Семейден шығатын өзге газеттер басқармаларына жіберген телеграммасында: «Белгілі кадет Бөкейханов жасаған Алаш партиясының жолына наразы қазақтар жеке Үш жүз деген социалист партиясын жасадық. Мақсаты федерацияны қорғау һәм түрік-татар қауымдарын біріктіру. Учредительное Собраниеге жеке список шығардық. Тұрағы Омбы» - деп баяндайды [10, 17-б.]. «Үш жүз партиясының саяси келбетін көпшілікке кеңінен таныстыру үшін К.Төгісов пен оның пікірлестері өз жақтастарының бір тобын Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидаттар етіп ұсынды. Ұсынғандардың қатарында Ақмола облыстық қазақ комитетінің үш мүшесі: Х. Бекқожин, Қ. Торсанов, Б. Әділов; Омбы уездік қазақ комитетінің төрағасы М. Айтпенов және Петропавл уездік қазақ комитетінің төрағасы Ғ. Қуанышев болды. К. Тоғысовтың өзі кандидаттар қатарынан Бүкілроссиялық шаруалар Советінің атқару комитетінің мүшесі ретінде орын алды. Жоғарыда аталғандардан тыс кандидаттар тізімінде Ү. Қасаев, С. Сейфуллин, Н. Құлжанов, М. Уәлиханов, Ш. Әлжанов, С. Аблаев және Ы. Төлебаев болды. «Үш жүз» тізімі бойынша Құрылтай жиналысы депутаттығына ұсынылған жоғарыда аталған 13 адам негізінен сол кездегі ресейлік үш саяси партияға: эсерлерге, ұлттық социалистерге және социал-демократтарға іш тартты [8, 128-б.]. Сайлау басталмай жатып-ақ халықтың қабылдамағанын сезген «Үш жүз» кандидаттары өз еріктерімен сайлау тізімінен шыға бастайды. Олардың кейбіреулері өздерін тізімге сырттан, яғни депутаттыққа кандидаттың келісімінсіз жазылынып алынғандығын ескертеді [10, 17-б.].

Жалпы алғанда Дала округі бойынша саяси партиялар, қоғамдық, әскери, діни бірлестіктер, түрлі ұлт өкілдері ұсынған 14 тізімнің кандидаттары сайлауға түсті. Олар: №1. Сібір казак әскерінің екінші әскери округінің тізімі (11 кандидат); №2. Дін қызметкерлері мен тұрғындардың

Орталық комитеті (7 кандидат); №3. Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының (большевиктер) Омбы комитеті (4 кандидат); №4. Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының (интернационалистер) Омбы ұйымы (14 кандидат); №5. «Алаш» партиясы (19 кандидат); №6. «Халық бостандығы» партиясы мен сауда өнеркәсіптік топтардың блогы (14 кандидат); №7. Мұсылман-социалистер (3 кандидат); №8. Ақмола және Семей социалист-революционерлердің комитеті, Ақмола және Семей облыстық шаруа депутаттарының Кеңестері, Омбы әскери округінің солдат-шаруа Кеңестерінің бірлескен тізімі. (19 кандидат); №9. Сібір казак әскерінің еңбекші қзақтары. (5 кандидат); №10. Социалистік топтардың блогы (социалист-революционерлер, социал-демократтар-меньшевиктер, социал-демократтардың «Бірлік» тобы, Еңбекші халықтық социалистік партия) (13 кандидат); №11. Қазақтың социалистік-саяси «Үш жүз» партиясы (13 кандидат); №12. Неміс ұлтының Омбы топтары (4 кандидат); №13. Татардың демократиялық топтары (1 кандидат); №14. Петропавл қаласының православ азаматтарының тобы (7 кандидат) [17].

Құрылтай жиналысы сайлауына дайындықтың ең маңызды буыны халыққа сайлаудың қырсырын түсіндіру мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру болды. Барлық жергілікті саяси партиялар, дін өкілдері, қоғамдық және сауда ұйымдары бұл бағыттағы жұмыстарға белсене кірісті. Сайлау таянған сайын қарбалас күшейе түсті. Бұл жөнінде М. Дулатов: «Тойдың болғанынан боладысы қызық. Қазір ең қызық уақыт. Қазіргі бәйгеге қосылып отырған бір кісінің, иә бір рудың аты емес, бүкіл алаштың аты- Дей келе ...жұртқа ескерту, түсіндіру үшін осы бастан елге комитеттер кісі шығару керек екендігін ескертеді. М. Дулатовтың бұл ой-түрткісі өз шешімін табады. Семей облыстық қазақ комитеті Өскемен, Семей уездеріне жеті кісі шығарады [10, 18-б.].

Құрылтай жиналысының атқаратын қызметі және оған лайықты өкілдер сайлау мәселесі жөнінде жергілікті басылым беттерінде мақалалар жарияланып, Құрылтай сайлауы туралы мағлұмат беріліп отырған. Семейдегі мемлекеттік басқаруға ұмтылған түрлі саяси күштер өздерінің бағыт-бағдарын халық арасында насихаттауды баспасөз арқылы жүргізген. 1917 жылы 5-наурызда құрылған қоғамдық ұйымдар мен армияның Семей облыстық атқару комитеті 1917 жылдың 7-наурызынан бастап «Семей облыстық атқару комитетінің бюллетенін» және сәуір айында осы Бюллетень орнына «Семей облыстық атқару комитетінің хабарлары» сынды саяси газеттерді шығарды. 4-маусымнан «Известияның» орнына қоғамдық-әдеби «Дело» газеті басылады. Семейдегі билеуші партиялардың біріне айналған эсерлер Дело басылымы арқылы халыққа өз бағдарламалары мен идеяларын жеткізуге тырысады. Эсерлердің облыс бойынша алғашқы ресми газеті 1917 жылы 7-маусымнан «Воля народа» деген атпен дүниеге келеді. Эсерлер бағдарламасындағы ең басты жер мәселесі болғандықтан жер саясатын іске асыру үшін «Воля народа» газетіне қосымша ретінде 1917 жылдың шілде айынан «Бюллетень Семипалатинского областного Земельного комитета» газетін шығарады [18, 18-б.]. Халық бостандығы партиясының «Свободная речь» газеті саяси, қоғамдық, әдеби және экономикалық салаларды қамтитын басылым ретінде 1917 жылдың 29 маусымынан бастап шығарыла бастады. 1917 жылдың 24 маусымында Мусиннің редакторлығымен татар тілінде «Халық сүзи» газетінің бірінші саны жарық көрді. Газет бетінде қалалық дума сайлауына, Құрылтай жиналысына қатысты мақалалар жарияланып тұрды. Қазақ тілінде жарық көрген «Абай» журналы мен «Сарыарқа» газеті ел өміріндегі өзекжарды мәселелерді көтеріп, облыстың қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік із қалдырды. Сонымен қатар Қазақстаннан тысқары жарық көрген «Русское слово», «Раннее Утро», «Русская Воля», «Сибирская жизнь» және тағы басқа басылымдар облыс тұрғындарының үлкен сұранысына ие болды [19].

Ұлттық идеяны насихаттауда қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесіне сәйкес идеологиялық ықпал етудің ең басты құралы-баспасөз болғандықтан, ең біріншіден газет-журналдардың саны көбейтіліп, елге тарату ісі жолға қойылды. Өйткені, А. Байтұрсыновтың

сөзімен айтқанда, "газет-халықтың көзі, құлағы һәм тіліне" айналды [20, 326-б.].

Үгіт-насихат жұмысын жандандыру мақсатында ұлт зиялылары Семейде "Сарыарқа" газетін (1917 жылы маусым айынан 1919 жылдың тамыз айына дейін шығып тұрған, алғашқы редакторы-И.Әлімбеков), Қызылжарда "Жаңа заман" журналы (1917 жылдың қазанынан бастап шығарыла бастаған, шығарушысы Р. Дүйсенбиев, кейін С. Сейфуллиннің ықпалымен большевиктік бағыт ұстанған), Семейде "Абай" журналы (1918 ж. 15 қаңта-1918 ж. қараша аралығында 12 саны шыққан, шығарушылары - Ж. Аймауытов пен М. Әуезов), Қызылжарда "Жас азамат" газеті (1918 ж. 30 шілдесінен бастап аптасына бір рет шыққан, 1919 ж. 8 ақпанға дейін 22 санны жарық көрген, шығарушысы - Қ.Кемеңгеров) шығарылып, әрбір аймақтарда ұлттық идеяны насихаттаудың жүйесін қалыптастырды. Отарлық жүйеде қазақтың маңдайына біткен "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті ғана болғанын және цензура тәртібіне байланысты олардың өз ойларын ашық жеткізе алмағанын ескерсек, Ақпан революциясынан кейін Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағында ғана осыншама газет-журналдардың шығарылуы және идеологиялық жұмыстарды цензурасыз ашық жүргізуі маңызды қоғамдық құбылыс болып табылады [11, 48-б.].

Өлкедегі саяси партиялар комитеттері мен қоғамдық ұйымдар өкілдері орыс тілді "Туркестанские ведомости"(Ташкент), "Наша газета"(Ташкент), "Знамя свободы" (Ташкент), "Рабочее утро" (Орынбор), "Семиреченские ведомости" (Верный), "Дело" (Омбы), "Свободная речь" (Семей), "Воля народа" (Семей) тәрізді басылымдар арқылы халыққа Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының сол тарихи кезеңдегі алатын орнын түсіндіріп, Құрылтайдың күн тәртібіне қойылатын саяси-экономикалық проблемалар туралы материалдар жариялады.

1917 жылы 4 қазанда Құрылтай жиналысы сайлау істері жөніндегі Семей уездік комиссиясының мәжілісі өтіп, уезд территориясында земстволық сайлау кезіндегідей сайлау учаскілерін құру мәселесі қаралды. Нәтижесінде уездік сайлау комиссиясы земствоны енгізу комитеті жасаған сайлау учаскілерінің тізіміне Белағаш болысының енбей қалу себебін анықтауды уездік комиссар мен жер комитетіне жүктеді. Қазақ және шаруа болыстары енген уездің қалған территориясы 104 сайлау учаскісіне бөлінді. 8 қазанда өткен уездік комиссияның мәжілісі Белағаш болысын Томск губерниясының Змеиногорск уезіне қосу туралы шешімге келді [21].

1917 жылдың 11 қазанында Семей облыстық сайлау комиссиясының мәжілісі өтіп, Семей қаласын сайлау учаскілеріне бөлу туралы қалалық сайлау комиссиясының жобасын бекітті. Семей қаласы төрт сайлау учаскісіне бөлінді. Қазақстанның шығыс өңірінде Құрылтай жиналысы сайлауына дайындықтың қызу түрде жүргізілгенін айқын көруімізге болады. Түрлі саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ түрлі ұлт өкілдері өздерінің тізімдерін ұсынды.

Дала округіндегі сайлаудың алғашқы күні 25 желтоқсанға, соңғы күні 31 желтоқсанға белгіленді. Сайлаушылардың тізімі 15 қарашадан бастап мына мекен-жайлар бойынша Семей тұрғындарының назарына ұсынылған:

Бірінші сайлау учаскісінде «Модерн» театрында;

Екінші сайлау учаскісінде «Гоголь» кітапханасында;

Үшінші сайлау учаскісінде «Клуб-театрда»;

Төртінші сайлау учаскісінде «Пожарное Депо» ғимаратында.

Тізімге қатысты шағымдарды қалалық басқарма 25 қарашаға дейін қабылдап, толықтырылған, түзетілген сайлаушылардың тізімін қайтадан жариялаған. Кандидаттар тізімін қабылдау да 1917 жылдың 25 қарашасында тоқтатылған [22].

Уақытша Үкіметтің «Құрылтай жиналысына сайлау істері жөніндегі» қаулысына сәйкес Құрылтай жиналысына сайланатын депутаттардың саны халықтың санына байланысты болды. Екі жүз мың адамнан бір депутаттан сайланбақ. Семей облысындағы халықтың саны 1.157.200

адам, ал Ақмола облысында 1.591.000. Сәйкесінше Семей облысынан 6, Ақмола облысынан 8 депутат сайлау көзделді. Қазақтар Семей облысындағы халықтың 73 пайызын (845,756), Ақмола облысындағы халықтың 36,6 пайызын (582,306) құрады. Семей облысындағы қазақ депутаттары - 4, қазақ кандидаттары 8, Ақмола облысындағы қазақ депутаттары 3, қазақ кандидаттары 12 адам болуы тиіс еді.

Семей қаласы бойынша Құрылтай жиналысы сайлауының қорытындысы төмендегідей:

№1 тізім-195 дауыс, №8 тізім-1056,

№2 тізім- 156, №9 тізім- 38,

№3 тізім- 1032, №10 тізім- 296,

№4 тізім- 362, №11 тізім- 1,

№5 тізім- 3304, №12 тізім- 9,

№6 тізім- 1872, №13 тізім- 31,

№7 тізім- 1565, №14 тізім- 12.

Сонымен бірінші орында «Алаш» партиясы (3304 дауыс), екінші орында «Халық еркіндігі» партиясы (1872 дауыс), үшінші орында татар мұсылман-социалистер тізімі (1565 дауыс).

Құрылтай сайлауы науқаны Алаш қаласы бойынша 1917 жылдың 13 желтоқсанның басталды. Сайлау 26-30 желтоқсан күндері сағат таңертеңгі 9-дан кешкі 9-ға дейін, ал 31 желтоқсан күні таңертеңгі 9-дан түскі сағат 1-ге дейін өткізілген.

1). Алаш қаласы бойынша халықтың жалпы саны - 8156 адам болған, оның 4598-і ер адам, 3560-ы әйел адам; соның ішінде дауыс беру құқығы барлар (20 жастан жоғары): 1484 - ер адам, 1353 - әйел адам, барлығы - 2887 адам.

2). Сайлауға қатысқандар саны: 2106 адам, оның ішінде-1213-і ер адам, 893-і әйел адам, дұрыс дауыс саны - 2097. Сайлауға қатысқандар саны: 780 адам, оның ішінде 271-і ер адам, 509-ы әйел адам.

Сайлау қорытындысында тізімдер бойынша дауыстар былай бөлінді: №1 тізімге - 5 дауыс, №2 тізімге - 21 дауыс, №3 тізімге - 52 дауыс, №4 тізімге - 25 дауыс, №5 тізімге - 1801 дауыс, №6 тізімге - 67 дауыс, №7 тізімге - 81 дауыс, №8 тізімге - 33 дауыс, №9 тізімге - 4 дауыс, №10 тізімге - 7 дауыс, №12 тізімге - 1 дауыс берілген.

Сайлау қорытындысында №5 тізімді «Алаш» партиясы үлкен басымдықпен жеңіске жеткен: 1801 дауыс [4, 66-б.]. Семей уезінде: Алаш партиясы үшін 58331 сайлаушы дауыс берсе, эсерлер - 3375, казактар (казак-орыстар) - 1910, ал қалған 10 партиялар мен ұйымдар небәрі 1300 дауыс алды [23, 308-309, 311-313, 317-318-бб.].

Дала округінің сайлау қорытындылары толық емес. Бізге белгілі мәліметтерге қарағанда ресми түрде берілген 14 орынның 70-80 пайызын Алаш партиясы иемденген. Олай болса Алаш партиясы тізіміндегі 9-10 кандидат, атап айтқанда, Ә. Бөкейхан, А. Тұрлыбаев, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов, А. Сейітов, М. Боштаев, Е. Айтбаев, Ж. Ақбаев, С. Жанайдаров, Р. Мәрсеков сайлануы мүмкін [10, 21-б.].

Қорытынды

Сонымен қазақ өлкесіндегі, соның ішінде Семей өңірінде де Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлау науқаны жоғары деңгейде өткізілді. Сайлау алды бағдарламаларында ел тағдыры үшін аса маңызды мәселелер қамтылды. Халық қалаған азаматтарына саналы түрде дауыс беріп, өз таңдауларын жасады.

Семей облысы көлемінде сайлау жүйесінің барлық принциптері барынша әділ түрде жүзеге асырылды. Дала округіндегі сайлау мерзімі желтоқсанның 26-31 жұлдыздарына белгіленді. Құрылтай жиналысына сайлау ісі бойынша Дала округтік комиссиясы, Семей және Ақмола облыстық комиссиялары, сондай-ақ уездік комиссиялар құрылды. Бұл комиссиялардың құрамына

арнайы тағайындалған мүшелермен қатар кандидаттар тізімін ұсынған әрбір топтан бір мүшеден ену мүмкіндігінің болуы да Құрылтай сайлауының демократиялық сипатын көрсетеді.

Шығыс Қазақстан жұртшылығы саяси белсенділік танытып, ерікті және саналы түрде қалаған саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарға өз дауыстарын берді. 1917 жылдың қараша-желтоқсан айларында қазақ қоғамы ең алғашқы демократиялық түрдегі сайлау жүйесін басынан кешірді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. // Бюллетень С.О.И.К. (Семипалатинского областного исполнительного комитета). 17.03.1917. - №11.
2. // Свободная речь. 31.06.1917. - №15.
3. // Воля народа. 13.08.1917. - №56.
4. // Сайлаубай Е. Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі: т.ғ.к. ...дисс. - Алматы, 2001.
5. // Воля народа. 9.06.1917. - №3.
6. // Бюллетень С.О.И.К. 31.03.1917. - №24.
7. // Воля народа. 8.10.1917. - №99.
8. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. - 256 б.
9. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: «Санат», 1995. - 368 б.
10. Серікбаев Е. Қазақстан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында даярлық және оның идеяларын қорғау кезеңінде (1917 ж. наурыз-1918 ж. қараша). - Алматы, 2002. - 3-27-б.б.
11. Шаяхметов Н. Ел - бүгіншіл, менікі - ертеңгі үшін. - Алматы, 2001.
12. // Свободная речь. 12.11.1917. - №88.
13. // Воля народа. 14.09.1917. - №80.
14. // Свободная речь. 8.10.1917. - №58.
15. // Свободная речь. 2.11.1917. - №79.
16. Қойгелдиев М. Алашорда – XX ғасырдағы қазақтың алғашқы ұлттық мемлекеті // Ақиқат. - 1992. №11. - 32-44-б.б.
17. // Свободная речь. 3.01.1918. - №125.
18. Ыбырайымова М. Семей өңіріндегі басылымдар // Қазақ тарихы. - 2003. - №5. - 54-56-б.б.
19. // Воля народа. 8.09.1917. - №76.
20. «Қазақ» газеті. - Алматы, 1998. - 560б.
21. // Свободная речь. 6.10.1917. - №56.
22. // Свободная речь. 16.11.1917. - №91.
23. Спирин Л.М. Россия 1917 год: Из истории борьбы политической партии. - Москва, 1987. - 334 с.

REFERENCES

1. // Bylleten S.O.I.K. (Semipalatinskogo oblastnogo ispolnitelnogo komiteta). 17.03.1917. - №11.
2. // Svobodnaya rech. 31.06.1917. - №15.
3. // Volá naroda. 13.08.1917. - №56.
4. // Sailaýbai E. Alashorda úkimetiniń shyǵys bólimi: t.ǵ.k. ... diss. - Almaty, 2001.
5. // Volá naroda. 9.06.1917. - №3.
6. // Bylleten S.O.I.K. 31.03.1917. - №24.
7. // Volá naroda. 8.10.1917. - №99.
8. Nurpeisov K. Alash hám Alashorda. - Almaty: «Atatek», 1995. - 256 b.
9. Qoigeldiev M. Alash qozǵalysy. - Almaty: «Sanat», 1995. - 368 b.
10. Serikbaev E. Qazaqstan Búkilreselik Quryltai jinalysynda dairlyq jáne onyń ideialaryn qorǵaý kezeńinde (1917 j. naýрыз-1918 j. qarasha). - Almaty, 2002. - 3-27-b.b.
11. Shai Ahmetov N. El - búginshil, meniki - erteńgi úshin. - Almaty, 2001.
12. // Svobodnaya rech. 12.11.1917. - №88.
13. // Volá naroda. 14.09.1917. - №80.
14. // Svobodnaya rech. 8.10.1917. - №58.
15. // Svobodnaya rech. 2.11.1917. - №79.
16. Qoigeldiev M. Alashorda – HH ǵasyrdaǵy qazaqtyń alǵashqy ulttyq memleketi // Aqiqat. - 1992. №11. - 32-44-b.b.
17. // Svobodnaya rech. 3.01.1918. - №125.
18. Ybyrayymova M. Semei óńirindegi basylymdar // Qazaq tarhy. - 2003. - №5. - 54-56-b.b.
19. // Volá naroda. 8.09.1917. - №76.
20. «Qazaq» gazetі. - Almaty, 1998. - 560 b.
21. // Svobodnaya rech. 6.10.1917. - №56.
22. // Svobodnaya rech. 16.11.1917. - №91.
23. Spirin L.M. Rossiya 1917 god: Iz istorii bórbý politicheskoi partii. - Moskva, 1987. - 334 s.

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М. ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫНА ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
Азмуханова А., Эгамбердиев М. Шаншарбек У. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІГУІ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	16
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. ШУ Өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің стратиграфиясы (X-XII ғғ.).....	25
Атығаев Н.Ә. ТАҒЫ ДА ҚАСЫМ ХАННЫҢ Қайтыс болған уақыты мен жерленген жері туралы.....	41
Ахантаева Ә.Ж. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДА ЕГІНШІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН ЖОРА-ЖОСЫНДАР, Аңыз- ӘПСАНАЛАР.....	48
Бахтыбаев М.М. Н.Н. ПАНТУСОВТЫҢ ЖЕТІСУ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	60
Билалов С.У., Тәжекеев Ә.Ә., Дәрменов Р.Т. ЕРТЕОРТАҒАСЫРЛЫҚ СОРТӨБЕ 1 ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.....	77
Ғалиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНАН «БІР БЕЛДЕУ ЖӘНЕ БІР ЖОЛҒА».....	89
Джумағазиева А.Н. ИРАНДАҒЫ САЯСИ ӨМІРДІҢ РЕВОЛЮЦИЯДАН КЕЙІНГІ ИСЛАМИЗАЦИЯСЫ.....	103
Жылгелді Ж.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ (Шығыс Қазақстан мысалында).....	115
Жылқышыбаева Қ.Қ. ЕУРОПАДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТАРИХИ БІЛІМГЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....	122
Ибраева А.Ғ., Садықов Т.С., Темірханова Ә.С. АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ХАКІМ АБАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ХАҚЫНДА.....	136
Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С. ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН (тарихи-салыстырмалы талдау).....	147
Ильясова К.М., Байманов А.А. СКРИПКАШЫ ӘЛІМ АЛМАТ (ҒАЛЫМЖАН ӘБСӘЛМОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МУЗЫКАНТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	159
Ильясова К.М. МИЛЛИОН ИЕРОГЛИФТАН ТҰРАТЫН МАНУСКРИПТ (проф. Т.З. Қайыркеннің «Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы» қолжазбасын зерттеу жобасы негізінде).....	174
Иманалиева Е. XVI ғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	187
Исмаилов С.С., Еришева А.А. ЕМБІ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІ.....	193
Исова Л., Апсаттарова Г. ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ҮДЕРІСТЕР АУҚЫМЫНДАҒЫ	199
Кәрібаев Б.Б., Нұртазина Н.Д. ӨЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ (шығыс нарративтері мен қазақтың шежіре аңыздары негізінде)	211
Күлдібаев Е.Қ., Саркулова С.Д. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚУҒЫНДАЛУЫ.....	232
Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ИСПИДЖАБ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨңірегіндегі ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕР.....	242

Қартабаева Е.Т. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ.....	253
Қойгелдиев М.Қ. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ – БІЗ ҮШІН ЕУРОПА ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН ЖАТ ТӨҢКЕРІС.....	265
Мажибаева Ш.О. 1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕТ ЕЛГЕ БОСУЫ.....	273
Мажиқызы Н. ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ.....	279
Макашева К.Н., Шалкеева З. ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	286
Мұхатова О.Х., Садвокасова З.Т. МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС.....	293
Мұхитов Қ. ҚАЗАҚ КҮРЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ.....	307
Мұхитов Қ.С. МАҚАТ-ӨЗЕН ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ.....	318
Надырбеков Н.К. ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САКРАЛЬДЫ ТОПОГРАФИЯСЫ.....	326
Оспанғалиев Қ.Ә. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕГІ БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАУ ӨТКІЗУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ.....	340
Раздыков С.З., Зайнов А.М. СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУДАНДАРДАҒЫ САРМАТ МӘДЕНИЕТІ: ПРОБЛЕМАЛАР, ГИПОТЕЗАЛАР.....	350
Рахбаев Қ.Қ. ЖЕЛТАУ МЕШІТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ XX Ғ. БАСЫ).....	363
Садыкова А.М. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ...371	371
Сүгірбаева Г.Д., Исабек Б.Қ., Омарбаев Ы.К. ҚАЗАҚ КСР БОЙЫНША ШЕТЕЛГЕ БАРУДЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТӨРТІПТЕРІ: ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІ.....	379
Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНДА ЕРТІС ӨНІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ: КЛАССИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР.....	388
Тайман С.Т., Сүгірбай М. СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ «ДОСАН БАТЫР» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР.....	395
Толамисов А.Ғ. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ "КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРДЫҢ" РӨЛІ.....	417
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. XIX-Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX-Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТТАРДЫ ӨНДЕУ ӨНДІРІСТЕРІ.....	425
Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРЫ (XVIII ғ. екінші жартысы - XIX ғ. басы).....	437
Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ОҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	452
Шашаев Ә.Қ., Смагулов Б.Қ., Тылахметова А.С. ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ ҚАБІР ҮСТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ.....	460
Шілдебай С.Қ. СЕЙІТҚАЛИ МЕНДЕШЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ.....	472

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М. ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ НА РЕФОРМУ ТАНЗИМАТА И МУСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
Азмуханова А., Эгамбердиев М., Шаншарбек У. ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КОНСОЛИДАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ.....	16
Акымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. СТРАТИГРАФИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТОРТКУЛИ В ШУЙСКОМ ДОЛИНЕ (X-XII вв.).....	25
Атыгаев Н.А. ЕЩЕ РАЗ О ВРЕМЕНИ СМЕРТИ И МЕСТЕ ЗАХОРОНЕНИЯ КАСЫМ-ХАНА.....	41
Ахантаева А.Ж. ОБЫЧАИ, ПРИМЕТЫ И ЛЕГЕНДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ С ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ.....	48
Бахтыбаев М.М. ВКЛАД Н.Н. ПАНТУСОВА В ИЗУЧЕНИЕ ПАМЯТНИКОВ СЕМИРЕЧЬЯ.....	60
Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАБОТЫ НА РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДИЩЕ СОРТОБЕ I.....	77
Галиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М. ОТ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ К «ПОЯСУ И ПУТИ».....	89
Джумагазиева А.Н. ПОСТРЕВОЛЮЦИОННАЯ ИСЛАМИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ИРАНЕ.....	103
Жылгелді Ж.С. ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В 20-30 ЛЕТ XX ВЕКА.....	115
Жылкышыбаева К.К. ВЗГЛЯДЫ НА ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ УЧЕНЫХ В ЕВРОПЕ: ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ.....	122
Ибраева А.Г., Садыков Т.С., Темирханова А.С. ИССЛЕДОВАНИЯ О ХАКИМ АБАЕ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА МАНАШ КОЗЫБАЕВА.....	136
Ибраева А.Г., Темирханова А.С. СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН СКВОЗЬ ВЕКОВ (историко-сравнительный анализ).....	147
Ильясова К.М., Байманов А.А. СКРИПАЧ АЛИМ АЛМАТ (ГАЛИМЖАН АБСАЛЯМОВ) И ЕГО СТАНОВЛЕНИЕ КАК МУЗЫКАНТА.....	159
Ильясова К.М. МАНУСКРИПТ СОСТОЯЩИЙ ИЗ МИЛЛИОНА ИЕРОГЛИФОВ (по проектам исследования рукописей «Су Бэйхай. Общая история казахов» проведенных проф. Турсунханом Закенулы Кайыркеном).....	174
Иманалиева Е. ОСОБЕННОСТИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В XVI ВЕКЕ.....	187
Исмаилов С.С., Еришева А.А. ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УРАЛО-ЭМБИНСКОГО НЕФТЯНОГО РАЙОНА И ПЕРВЫЕ НЕФТЕПРОМЫСЛЫ....	193
Исова Л., Апсаттарова Г. ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИРАНА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ.....	199
Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА(на основе восточных нарративов и генеалогических мифов казахов).....	211
Кулдибаев Е.К., Саркулова С.Д. ГОНЕНИЯ НА ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА В 30-Х ГОДАХ XX ВЕКА.....	232
Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. ИСПИДЖАБ И БЛИЗЛЕЖАЩИЕ К НЕМУ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	242
Картабаева Е.Т. ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСЛАМ.....	253
Койгелдиев М.К. МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: ИДЕЯ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ ДЛЯ НАС БЫЛА ЧУЖАЯ.....	265
Мажибаева Ш.О. МАССОВОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ КАЗАХОВ ЗА РУБЕЖ В 1928-1933 ГОДЫ.....	273

Мажикызы Н.	
ИСКУССТВО ОБРАБОТКИ КОЖИ У КАЗАХОВ КИТАЯ.....	279
Макашева К.Н., Шалкеева З.	
ОРГАНИЗАЦИЯ ИСЛАМСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА.....	286
Мухатова О.Х., Садвокасова З.Т.	
ВООРУЖЕННОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В МАНГИСТАУ.....	293
Мухитов К.	
КАЗАХСКАЯ БОРЬБА: ПРОШЛОЕ, СЕГОДНЯ И БУДУЩЕЕ.....	307
Мухитов К.	
СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ МАКАТ-УЗЕНЬ.....	318
Надырбеков Н.К.	
САКРАЛЬНАЯ ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО И СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	326
Оспангалиев К.А.	
О ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ВЫБОРОВ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	340
Раздыков С.З., Зайнов А.М.	
САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ ПРИКАСПИИ В ПРИЛЕГАЮЩИХ К НЕМУ РАЙОНАХ: ПРОБЛЕМЫ, ГИПОТЕЗЫ.....	350
Рахбаев К.К.	
ИСТОРИЯ ЖЕЛТАУСКИХ МЕЧЕТЕЙ (СЕРЕДИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ).....	363
Садыкова А.М.	
ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ В ПЕРИОД ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ.....	371
Сугирбаева Г.Д., Исабек Б.К., Омарбаев Ы.К.	
ПОРЯДОК РЕГИСТРАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ ВЫЕЗДА ЗА ГРАНИЦУ В КАЗАХСКОЙ ССР: ПЕРИОД ЗАСТОЯ.....	379
Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С.	
АКТИВНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ДВИЖЕНИЙ ПРИИРТЫШЬЯ 80-Е ГОДЫ XX ВЕКА: КЛАССИФИКАЦИЯ И МЕТОДЫ.....	388
Тайман С.Т., Сүгірбай М.	
ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ В ДАСТАНЕ С.ЖАНГАБЫЛОВА «ДОСАН БАТЫР».....	395
Толамисов А.Г.	
ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСКИХ ДИАСПОР И РОЛЬ «МАЛЫХ КУРУЛТАЕВ».....	417
Тулебаев Т.А., Абикиенова Г.Е.	
ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ОБРАБОТКА МИНЕРАЛЬНОГО СЫРЬЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX.....	425
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.	
ВНЕШНИЕ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ (вторая половина XVIII - начало XIX вв.).....	437
Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПЛЕМЕНАМИ КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА И ОГУЗАМИ.....	452
Шашаев А. К., Смагулов Б. К., Тылахметова А.С.	
НАМОГИЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКИХ ГРУПП КАЗАХОВ КАЗАХСТАНА И РОССИИ.....	460
Шилдебай С.К.	
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СЕЙТКАЛИ МЕНДЕШЕВА.....	472

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Nuskabay P.P., Sabanchieva Zh.M. INFLUENCE OF THE EUROPEAN SYSTEM ON TANZIMATS REFORM AND MUSTAFA RESHID PASHA.....	5
Azmukhanova A., Egamberdiyev M., Shansharbek U. PROBLEMS OF STUDYING CONSOLIDATION AND COOPERATION OF TURKIC PEOPLES OF THE LATE XIX - EARLY XX CENTURIES.....	16
Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S. THE STRATIGRAPHY OF MEDIEVAL TORTKULS IN SHU VALLEY (X-XII cc.).....	25
Atygayev N.A. ONCE AGAIN ABOUT THE TIME OF DEATH AND THE PLACE OF BURIAL KASYM-KHAN.....	41
Akhantaeva A.Zh. THE KAZAKH CUSTOMS, TRADITIONS AND LEGENDS RELATED TO AGRICULTURE.....	48
Bakhtybaev M.M. N.N. PANTUSOV'S CONTRIBUTION IN THE STUDY OF THE MONUMENT OF THE SEMIRECHYE.....	60
Bilalov S.U., Tazhekeyev A.A., Darmenov R.T. ARCHAEOLOGICAL RESEARCH ON THE EARLY MEDIEVAL SETTLEMENT.....	77
Galiev A.A., Ustemirova A.O., Kydyrgozhy B.M. OF SORTOBE 1 FROM GREAT SILK ROAD TO "ONE BELT ONE ROAD".....	89
Jumagazyeva A.N. POST-REVOLUTIONARY ISLAMIZATION OF POLITICAL LIFE IN IRAN.....	103
Zhylgeldi Zh.S. SOURCES OF HISTORY OF COLLECTIVIZATION IN 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	115
Zhylkyshybayeva K.K. VIEWS ON THE HISTORICAL EDUCATION OF SCIENTISTS IN EUROPE: A HISTORICAL-PHILOSOPHICAL ANALYSIS.....	122
Ibraeva A.G., Sadykov T.S., Temirkhanova A.S. RESEARCH ON HAKIM ABAI IN THE WORKS OF ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV.....	136
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. NORTH KAZAKHSTAN THROUGH THE AGES (historical and comparative analysis).....	147
Ilyassova K.M., Baimanov A.A. VIOLINIST ALIM ALMAT (GALIMZHAN ABSALYAMOV) AND HIS PATH OF BECOMING AS A MUSICIAN.....	159
Ilyassova K.M. A MANUSCRIPT CONSISTING OF MILLION HIEROGLYPHICS (on manuscript research projects «Su Beihai. The general history of the Kazakhs» conducted by Prof. Tursunkhan Zakenuly Kayirken).....	174
Imanalieva E. GOALS AND FEATURES OF KAZAKH KHANATE'S FOREIGN POLITICAL RELATIONS IN THE XVI CENTURY.....	187
Ismailov S. S., Yerisheva A.A. HISTORY OF DEVELOPMENT OF THE URAL-EMBINSKY OIL REGION AND THE FIRST OIL FIELDS.....	193
Isova L., Apsattarova G. RELATIONSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND IRAN IN THE FRAMEWORK OF MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES.....	199
Karibayev B.B., Nurtazina N.D. HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives and genealogical myths of Kazakhs).....	211
Kuldybaev E., Sarkulova S. THE PERSECUTION OF ARTISTS IN THE 1930S.....	232
Kaiyrken T.Z., Ilyassova Z.S. SISFIDJAB AND NEARBY TOWNS AND LOCALITIES IN MEDIEVAL WRITTEN SOURCES.....	242
Kartabayeva E.T. SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISLAM.....	253
Koigeldiyev M. MAGZHAN ZHUMABAYEV: THE IDEA OF THE OCTOBER REVOLUTION WAS FOREIGN TO US.....	265

Mazhibayeva Sh.O.	
MASS MIGRATION OF KAZAKHS ABROAD IN 1928-1933.....	273
Mazhikyzy N.	
LEATHER TREATMENT ART AT THE CHINESE KAZAKHS.....	279
Makasheva K.N., Shalkeyeva Z.	
ORGANIZATION OF ISLAMIC COOPERATION AND THE EUROPEAN UNION: MAIN AREAS OF COOPERATION.....	286
Mukhatova O., Sadvokasova Z.T.	
THE ARMED RESISTANCE IN MANGISTAU.....	293
Mukhitov K.	
KAZAKH WRESTLING: PAST, TODAY AND FUTURE.....	307
Mukhitov K.	
CONSTRUCTION OF THE MAKAT-UZEN RAILWAY.....	318
Nadyrbekov N.K.	
SACRED TOPOGRAPHY OF ANCIENT AND MEDIEVAL KAZAKHSTAN.....	326
Ospangaliev K.A.	
ON THE COURSE OF THE ELECTION OF THE ALL-RUSSIAN FOUNDING MEETING OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION.....	340
Razdykov S.Z., Zainov A.M.	
SARMATIAN CULTURE IN THE NORTH-EAST CASPIAN AND ADJACENT AREAS: PROBLEMS, HYPOTHESES.....	350
Rakhbayev K.K.	
HISTORY OF ZHELTAU MOSQUES (MID-XIX-EARLY XX CENTURIES).....	363
Sadykova A.M.	
POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN RELATION TO RELIGION DURING WORLD WAR II.....	371
Sugirbayeva G.D., Issabek B.K., Omarbayev Y.K.	
REGISTRATION SYSTEM PROCEDURE FOR DOCUMENTING TRAVEL ABROAD IN THE KAZAKH SSR: PERIOD OF STAGNATION.....	379
Syzdykova A., Moldakimova A.	
ACTIVITY OF ECOLOGICAL MOVEMENTS OF PRIYRTISHIYA IN THE 80s OF THE XX CENTURY: CLASSIFICATION AND METHODS.....	388
Taiman S.T., Sugurbay M.	
HISTORICAL SOURCES IN THE EPIC POEM OF S.ZHANGABYLOV «DOSAN BATYR».....	395
Tolamissova A.G.	
INTEGRATION OF THE KAZAKH DIASPORES AND THE ROLE OF «SMALL KURULTAIS».....	417
Tulebaev T.A., Abikenova G.E.	
PRODUCTION OF BUILDING MATERIALS AND PROCESSING OF MINERAL RAW MATERIALS IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 19TH - EARLY 20TH CENTURIES.....	425
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A.	
EXTERNAL FACTORS OF THE POLITICAL CRISIS IN THE KAZAKH STEPPES (second half of the 18-th - the beginning of the 19-th centuries).....	437
Habizhanova G.B., Almagambetova A.M.	
SOME ASPECTS OF RELATIONS BETWEEN THE TRIBES OF KARAKHANID STATE AND THE OGHUZES.....	452
Shashaev A., Smagulov B., Tylakhmetova A.	
GRAVE CONSTRUCTIONS OF GENEALOGICAL GROUPS OF KAZAKHS IN KAZAKHSTAN AND RUSSIA.....	460
Shildebay S.	
PUBLIC, POLITICAL AND STATE ACTIVITIES OF SEYTKALI MENDESHEV.....	472

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 1(21)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2020.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй